

Б. Қасым,

Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, ф.ғ.д.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ КҮРДЕЛІ ЕТІСТІКТЕР МЕН АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАЛЫ ЕТІСТІКТЕР

Грамматика – тілдің құрылысын зерттейтін тіл білімінің саласы. Грамматиканың негізгі зерттеу нысаны – тілдің морфологиялық және синтаксистік жүйесі; оның ішінде грамматикалық тұлға (форма), грамматикалық мағына, грамматикалық категория, бір тілдегі грамматикалық тұлғалардың көріну амалдары мен сол арқылы айтылмақшы мағыналардың берілу тәсілдері, олардың байланысуы, тіркесу жолдары мен тәсілдері. Тіл ғылымында сөз бен сөйлем түрленімін, құрылысын *грамматика ілімі* нақты қарастырады. Грамматика – сөз бен сөйлемнің нақты, деректі мағынасынан тыс құрылымдық, құрылыстық жүйесін зерттейтін ғылым. Ол тілдің құрылыстық, дерексіз мағыналық маңызды сипатын ашады. Адамның ойлауы, ой мен ойлаудың дерексіз түрдегі қызметі тілдің грамматикалық құрылысында шешіліп, айқындалады. Қай тілде болсын тілдің грамматикалық құрылысы өмір тәжірибесінде жинақталып, жалпы сипатқа ие болады. Тілдің тұлғалық құрылысы да сөздік қормен, құраммен қатар жүріп, тілдің негізін жасайды. Сондықтан грамматика мен лексика өзара бір-бірімен тығыз байланысты. Сөздік құрамды толықтыратын жаңа сөздер тілдегі бар бұрынғы тілдік бірліктер арқылы жасалса, сөздердің жасалуы тілдегі грамматикалық заңдылықпен жүзеге асатыны белгілі.

Етістіктің жалпы грамматикалық сипаты. *Етістік* арнайы тұлғаландырушы *көсемше, есімше* көрсеткішімен *жіктік, шақтық, райлық*; одан басқа *болымды-болымсыздық, етіс (салт-сабақтылық) категорияларының негізін беріп, өз алдына жеке сөз табы категориясы болады*. Мұндағы әрбір категория бірінен бірі туындайды. Сөйтіп, *грамматика сөздердің ойды жеткізудегі құрылымдық, құрылыстық орны қызметін ашық қарастырады, талдайды*. Жалпы тіл білімінде қалыптасқан ереже бойынша *грамматика сөздің дерексіз мағынасын, грамматикалық қызметін – сөздердің өзгеру жүйесін, тұлғалық ерекшелігін, тіркестік, сөйлемдегі, мәтіндегі функционалдық қызметі мен қасиеттерін* зерттейді. Грамматика саласын тану үшін оған енетін бірлік-

терді – ұғымдарды – түсініп білу қажет. Грамматикалық ұғымды жеткізетін бірліктер – *грамматикалық мағына, грамматикалық көрсеткіш немесе тұлға, грамматикалық категория*.

Сөздердің білдіретін ұғымдық мағынасы – ішкі мазмұны, сол мазмұн-мағынаны білдіретін белгілі бір дыбыстар жиынтығы сөздің сыртқы кешенді жамылғышы болады. Тіл ғылымында сөздің ішкі мазмұны мен сыртқы жамылғышының байланысы дәстүрлі тарихи байланыс деп түсіндіріледі. Сөздің ішкі мазмұн-мағынасы лексикалық мағына, ал жалпы дерексіз мағынасы (қимылдық, сындық, заттық, т.б.) грамматикалық мағына болып табылады. Сөздердің грамматикалық мағынасы белгілі бір қатынаста, құрылыста ғана көрінеді. Грамматикалық мағынаны көрсететін, білдіретін тұлғалары болады, олар грамматикалық көрсеткіш немесе грамматикалық тұлғалар деп аталады. Грамматикалық мағына мен грамматикалық көрсеткіш, тұлға бір-бірімен тығыз байланысты, екеуінің парадигмалық, жүйелік бірлігінен грамматикалық категория құралады.

Көмекші етістіктер. Күрделі етістіктер. Қалып етістіктері. Етістіктің аналитикалық формалары.

Көмекші етістік – жеке дара, негізгі қимылдық мәнді білдіретін, толық мағыналы етістіктерге грамматикалық мән үстеу жағынан демеп, көмекшілік қызмет атқаратын етістік түрі.

Көмекші етістіктер өздерінің көмекшілік қызметімен маңызды орын алады. Өйткені олар толық мәнді етістіктерге дерексіз грамматикалық түрлі мағына үстейді. Мысалы: *шаршадым* мен *шаршап кеттім* етістіктерінің арасында үлкен мағыналық айырмашылық бары сөзсіз. Бірінші етістікте іс-әрекеттің ұзаққа созылғанын білдірсе (бұрыннан шаршап жүруді), екінші мысалдағы етістікте көмекші етістік арқылы қимыл-әрекеттің шорт үзілгенін (болған оқиғаға бірден түсінік беру мәнін) танытады. Көмекші етістіктер **мәнді-мәнсіз немесе толымды-толымсыз түрлерге**

бөлінеді. Көмекші етістіктерді мәнді-мәнсіз деп бөлуді Ы.Маманов көрсетсе, оларды толымды-толымсыз деп басқаша атаған – профессор А. Ысқақов.

Жалпы тілде көмекші етістіктер отызға жуық. Мәнді немесе толымды көмекші етістіктер негізгі лексикалық мағынасын сақтай отырып, жеке дара сөз ретінде де қолданылып, сонымен бірге басқа негізгі етістікке дәнекер болып көмекшілік қызмет те атқарып, тиісті грамматикалық мағына үстейтін етістіктерді атайды: *алу, беру, бару, болу, біту, бастау, бағу, тұру, отыру, жату (жатыр), жүру, жөнелу, жіберу, келу, кету, көру, қалу, қарау, қою, салу, тастау, өту, шығу, қылу, түсу*, т. б.

Көрсетілген көмекші етістіктер толық мәнді етістіктер бола отырып, басқа белгілі бір қолданыстағы негізгі қимылды білдіріп тұрған етістіктерге тіркесіп, қосымша қимыл-әрекет сипатын үстейді. Олар негізгі жетекші етістік, көмекші етістік қызметін атқара алуымен ерекшеленеді. Аталған етістіктер көмекшілік қызметін атқаруда күрделі етістік жүйесін құрайды: *еркін тіркесті етістік, құрама етістік, сараламалы етістік* (аналитикалық), *тұрақты етістік* түрін жасауда маңызды орын алады. Бұлар етістік категорияларының барлық түрінде бола алады. Тіркескен етістіктерімен бірігіп, күрделі пысықтауыш, күрделі баяндауыш қызметін атқарады.

Мәнсіз немесе толымсыз көмекші етістіктер деп негізгі лексикалық мағынасынан толық айырылған, тек қана жетекші (толық мәнді негізгі) етістікке тіркесу арқылы өзінің грамматикалық мағынасын аша алатын, таза көмекшілік қызмет атқаратын етістіктерді атайды. Бұларға *e* етістігінен қалыптасып тараған өткен шақты *еді* (жедел өткен шақ), *екен* (бұрынғы өткен шақ), *емес* (болымсыз есімшелі) етістіктері, *ету* және *де, жаздау* етістіктері аталады.

Еді, емес, екен толық мәнді есімді, етістікті сөздерге тіркесіп қолданылады (*жас екен, жас еді, үлкен емес, барады екен*, т. б.).

Аталмыш етістіктер көрсетілген тұлғаларымен түбір етістікті бірлік болып қолданысқа еніп кеткен; дайын түбір тұлғалық тәрізді көрсеткіштері 3-жақтық нөлдік тұлғаны да айқындайды. Бұл дайын тұлғаларында жедел өткен шақтық (е-ді), бұрынғы өткен шақтық қимылды жоққа шығару (болымсыздық) – (е-ме-с), өткен шақтық қимылды нақтылау (е-

кен) грамматикалық мағыналары бар. Осындай үстемелі грамматикалық мағыналық белгілерімен бұлар негізгі толық мағыналы етістіктерге, есім сөздерге тіркесіп, аталған грамматикалық мағыналарды қолданылған сөзімен бірлесіп білдіреді. Яғни бұлар өткен шақтық мағынаны білдіріп, тіркескен сөзімен күрделі баяндауыш қызметін атқарады.

Еді көмекшісі ауыз екі сөйлеуде жекеше түрдегі 3 жақтық жіктік жалғаулы қолданыста «едім, едің (едіңіз), еді» деп әдеби қалыпты түрмен бірге ауызекі сөйлеуде «*ем, ең, ед*» (сыпайы түрінен басқасында) түрінде ықшамдалып айтыла береді (*барып ем, келіп ең, айтып ед*). Тіркескен сөздерімен белгілі бір синтаксистік қызмет атқарады, негізінен, күрделі баяндауыш жүйесін береді.

Ету көмекші етістігі жалпы есім сөздермен, еліктеуіш сөздермен қолданылып, **құранды етістік түрін** жасайды. Оның білдіретін грамматикалық мағынасы – нақты қимыл-әрекетті жүзеге асыруға итермелеу. Сондай-ақ ол шақ категориясын жасайтын барлық грамматикалық көрсеткішті қабылдайды: *әсер етті, әсер еткен, әсер етеді*, т. б. Жалпы алғанда бұл етістік *істеу, қылу* етістіктерімен мәндес. Алдыңғы тіркескен сөзімен бірлесіп, күрделі баяндауыш қызметін атқарады; басқа да сөйлем мүшесі болуы мүмкін.

Деу көмекші етістігі, негізінен, дәнекер етістік болып табылады, сөйлеуші мен төл сөздің аралығында байланыстырушылық қызмет атқарады. Шақ категориясының барлық көрсеткішін қабылдайды: *деді, дейді, депті, деген, дер, демес*.

Жаздау көмекші етістігінің қызметтік қолданысы өзгеше. Бұл етістік осы түбірлік тұлғасында мүлдем қолданылмайды. Оның дерексіздік мағынасы, бойындағы қолданыс барысында танылатын грамматикалық мағынасы белгілі бір шақтық мағынаны айқындайтын көрсеткіштер жалғанғаннан кейін көрінеді. **Жаздау** етістігінің негізгі грамматикалық мағынасы – қимылдың, іс-әрекеттің үрдістік (үдерістік) дәрежесін, деңгейін айқындау. Сөздерге тіркесу қабілеті жағынан қызметі бәсең; жалпы бұл көмекші етістік, -а, -е, -й тұлғасындағы көсемшелі етістікке ғана тіркесіп, өзі өткен шақтық тұлғада болып, қызметтік міндетін танытады: ... *бара жаздады, ... бара жаздаған, ... бара жаздапты*, т. б. Күрделі етістіктің ішінде сараламалы, тұрақты

етістік түрін жасауға қатысып, күрделі баяндауыш құрамындағы қызметте болады.

Қалып етістіктері – етістіктің ерекше түрінің бірі. Өйткені бұл етістіктер жалпы сипаты жағынан алғанда негізгі, толық мәнді қимылдық мағынаны да, қосымша грамматикалық көмекшілік қызметті де атқара алады. Негізгі әрі толық мәнді іс-әрекетті танытуы адамзатқа қатысты қимылдық ұғыммен байланысты. **Адамзаттың негізгі қимылы төрт түрлі қалып арқылы көрінеді: жүруі, отыруы, тұруы, жатуы.** Сондықтан да аталмыш етістік түрі жеке дара тұрып, негізгі қимылдық ұғымды білдіре алады (төрт түрлі әрекет жан-жануарларға да қатысты болатыны белгілі).

Қалып етістіктерінің басқа етістіктерден ерекшелендіретін грамматикалық ерекшеліктері бар:

- Өздерінен кейін, ешбір қосымшасыз, түбір күйінде басқа етістіктерді көмекшілік мағынасында тіркестіре алады: **отыр еді, жүр екен, тұр еді, жатыр еді, т. б.**

Басқа етістіктер түбір күйінде бірден келесі бір етістікпен тіркесе алмайды, тек жұрнақ жалғап барып *көмекші* болатын етістікпен тіркеседі. Қалып етістіктерінің көмекші етістіктерді тікелей тіркестіруі - өздерінің бойындағы бұрыннан көнеленіп, кірігіп кеткен көрсеткіштің (-ур) болуы мен содан сақталған шақтық мағына қызметінің әсері.

- Қалып етістіктері көсемше тұлғасындағы етістіктерге (-а/-е,-й; -ып/-іп, -п, -ғалы/-гелі, -қалы/-келі) тіркесіп, көмекші мәнде олардың грамматикалық мағынасының танылуында маңызды қызмет атқарады: *келіп отыр, келе/келмей жүр, барғалы жатыр, кеткелі отыр.*

- Олар ешбір жұрнақсыз тікелей жіктеледі, себебі өздері түбір тұлғасында шақтық мағынаны білдіреді (жіктік жалғауды қараңыз);

- Қалып етістіктері шақ категориясында нақ осы шақ (дара, күрделі) түрін жасайды (*отырмын, сөйлеп отырмын, т. б.*)

- Бұлар көмекшілік мәнде тұрып, іс-әрекеттің өту сипатын нақты білдіреді (*келе жатыр, барып жүр, т. б.*).

Тарихи жағынан алғанда, қалып етістіктері -ур/-үр қосымшасы арқылы қалыптасқан деп беріледі. Бұл қосымша аталған етістіктерде дыбыстық жағынан өзгеріске түсіп, түбірмен жымдасып, кірігіп кеткен: **отыр – ол тұрур; тұр – тұрүр; жүр – жүрүр; жатыр – жатүрүр.** Сөйтіп **отыр, тұр, жүр, жатыр** етістіктерінде көрсетілген қосымша сіңісіп кет-

кендіктен, олардың осы тұлғаларында шақтық мағына сақталған, нәтижесінде олар шақтық мағына білдіретін ешбір қосымшасыз тікелей жіктеліне алады. Қалып етістіктерінің бойында шақтық мағынаның сақталуы – олардың грамматикалық ерекше белгісі.

Күрделі етістік жүйесі құрамындағы көмекші сыңарларының грамматикалық қызметіне қарай тілде беске жіктеліп жүр: 1.Еркін тіркесті (күрделі) етістік. 2. Құрама күрделі етістік. 3. Құранды күрделі етістік. 4. Сараламалы (аналитикалық) күрделі етістік. 5. Тұрақты тіркесті күрделі етістік.

Еркін тіркесті күрделі етістікті А.Ысқақов тек еркін тіркес немесе жай синтаксистік тіркес деп атайды. **Еркін тіркесті күрделі етістік деп тіркесіп келген екі етістіктің екеуінің де толық мағыналы болып, әрбірі бөлек сұраққа жауап бере алатын, сыртқы тіркесу тұлғасы жағынан ғана күрделі болатын күрделі етістік түрін аталады.** Мұндай тіркесте екі толық мағыналы сыңар арасына сөз салып айтуға болады: *отырып ою – отырып ою ою, жүгіріп шығу – жүгіріп аулаға шығу, т.б.* Еркін тіркесті етістіктерді шартты түрде күрделі деп береміз. Бұлардың арасындағы байланыс – салаласу. Күрделі етістік жүйесінде шартты түрде көрсетіледі.

Күрделі етістік деп *екі сыңары да толық мағыналы, бірақ мағына жағынан, тұлға жағынан да тұтастықта болып, күрделі бір ұғымды білдіретін күрделі етістік түрін атайды: барып қайту, кіріп шығу, келіп кету, ала келу, бара келу, т.б.* Мұндай түрдегі күрделі етістікте екі түрлі қимыл бір тұтастықта, бір мезгілде, я болмаса іле-шала бірінен кейін екіншісі орындалатын қимылды білдіреді. Бұлардың арасына *да/де* демеулік шылауын қолданып, оның жалғулықты қызметін көруге болады: *бар да қайт, ал да кел, т. б.* Бірақ жалғаулық қызметіндегі *да/де* демеулік шылауынан басқа сөз салып айтуға келмейді. Күрделі етістікті тіркесті етістік деп те атауға болады.

Жалпы «күрделі» ұғымына екі не одан көп сөздердің байланысынан болған тіркестер, біріккен, қосарланған тұлғалар енеді. Тіркесті күрделі етістік жүйесі басқа күрделі тілдік ұқсас бірліктермен ажыратуыда қиындық тигізіп жүргені ақиқат. Мысалы, *қайтып кетті, кіріп шықты, алып барды* т.б. Күрделі етістік жүйесіне қатысты келгенде «күрделі» түсінігінің мәні екі түрлі ұғымда жұмсалады: күрделі ұғымды және күрделі тұлғалы етістік.

Тіркесті күрделі етістік – аналитикалық тәсіл нәтижесіндегі туынды сөз, күрделі сөздің бір түрі; сөзжасам жүйесінде қаралатын тілдік бірліктің бірі. Тіркесті күрделі етістік сыңарларының қызметіне қарай түрлерге бөлінеді. Әсіресе, көмекші қызметтегі екінші сыңарларының грамматикалық мәні күрделі етістіктерді топқа жіктеуде негізге алынуы тиіс. Көмекші қызметіндегі етістіктер күрделі етістіктердің түрін ажыратуда бірден бір грамматикалық өлшем болып табылады. Кез келген туынды күрделі сөз тәрізді күрделі етістіктердің бастапқы кезеңі – еркін тіркес, тіркесті сөз болып жасалуы – кейінгі кезең.

Тіркесті сөз немесе тіркескен түбір – еркін сөз тіркесінде бағыныңқы не басыңқы сыңар болатын кемінде екі мағыналы сөзден құралған, біртұтас лексикалық мағына, күрделі бір ұғым беретін, біріне бірі сабақтаса байланысқан сөздер жиыны, тобы. Тіркесті сөздердің өзі еркін сөз тіркесінен туындайды. Мысалы, *келіссөз, келісімшарт, өтемақы, сыйақы, зейнетақы* т.б. сияқты сөздер кезінде еркін сөздер болып, қазір күрделі аталым болып тұрақталды.

Бұл сияқты ерекшелік тіркесті күрделі етістіктердің жасалу жолында да байқалады. Күрделі етістіктердің пайда болуы да еркін тіркес, тіркесті сөз болып келумен тығыз байланысты. Әрине, мұндай жағдайда күрделі етістік түрін жасайтын сыңарлардың толық мағыналы-мағынасыздығы үлкен мән атқарады. Ал күрделі етістік түрін беретін мәнсіз көмекші етістіктер мүлде басқа аталымды етістік болады.

Құранды етістік деп *бірінші, негізгі сыңары есімнен, екінші сыңары толымсыз мәнді көмекші етістіктен болған, мағыналық жағынан күрделеніп, тұлғалық жағынан екі түрлі сөздің біртұтастықта тіркескен, бір ұғымды (күрделі) етістік түрін атайды*. Мысалы: *сарт ету, көмек ету, жәрдем ету, дем алу, ән салу, жақсы көру*, т.б. Бұлардың арасындағы байланыс – сабақтасу. Құранды күрделі етістіктердегі көмекші етістік арқылы қимылдық ұғым, әрекет беріледі, ал қимыл әрекетті танытып, негізгі мағыналы қызметті атқаратыны – есім сөздер. Құрандыда көмекші етістік-

тердің қызметі сөзжасамдық қимыл мәнді жұрнақтарға жақындайды. Бұл етістік түрін тұлғалық жағынан күрделі етістік деп айту қиын, өйткені күрделі етістік болу үшін екі сыңар да етістік сөзден болу керек. Мұнда етістік деп аталуы басыңқы сыңарлы көмекші етістікке ғана байланысты. Ал «күрделілік» ұғымы екі сыңардың мағыналық жақтан тұтасуына қатысты айтылады.

Аналитикалық етістіктер *бірінші сыңары толық лексикалық мағыналы етістіктен, екінші сыңары негізгі мағынасынан тұтастай айырылған толымды көмекші етістіктен болған және сол көмекші етістік негізгі етістікке көсемше тұлғалары (-а/-е, -й, -ып/-іп, -п) арқылы қосылып тіркесіп, тұтас күрделі бір грамматикалық ұғымды білдіретін аналитикалық форманттар түрін атайды*. Бұларды сараламалы етістіктер деп те атайды. Мысалы: *бере салу, көре салу, жазып шығу*, т.б. Негізгі етістікке көсемшенің *-а/-е,-й;-ып/-іп,-п тұлғасы+көмекші етістіктің* қосылып тіркесуі күрделі ұғымдық қимылдың грамматикалық мәнін ашады. Аталған грамматикалық көрсеткіш тұлғасы *аналитикалық формант* деп аталып, осы күрделі етістік түрінің грамматикалық мағынасын саралайды. Аналитикалық форманттың әсерінен әрбір аналитикалық күрделі етістіктің тек өзіне тән реңктік мәні болады, бір аналитикалық етістік сілтемелік (*жаза салу*) мәнді көрсетсе, енді бірі тездік, т. б. грамматикалық реңктерді білдіреді. Бұлар мағыналық та, тұлғалық та жағынан күрделі. Мысалы, *алып бер* (КЕ)+*е салшы* – **АФ** т.б.

Алдыңғы берілген үш түрлі күрделі етістікте де көсемше тұлғалары болғанмен, олар етістік түрін ажыратуда негізге алынбайды.

1. Қасым Б. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер. – Алматы, 1996.

2. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы. – Алматы: Ғылым, 1979. –195 б.

3. Щенцова И.В. Выражение видовых значений глагола в шорском языке. АҚД., –Алма-Ата, 1988. -25 с.

4. Курпешко Н.Н. Бивербальные конструкции с вспомогательными глаголами бытия чат, одур, тур, чцр в шорском языке. АҚД., –Алма-Ата, 1989. –19 с.

Қасым Б. Сложные глаголы в тюркских языках

Статья об особенностях образования сложных глаголов в тюркских языках.

Kasim B. Complex verbs in turkic languages

Article is about the features of the formation of complex verbs in the Turkic languages.